


Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 857	▲ 0,11%	▲ 16,8%
NASDAQ	23 505	▲ 0,22%	▲ 21,9%
DJIA	47 851	▼ -0,07%	▲ 12,9%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -1,87%	▼ -12,0%
Еуропа			
FTSE 100	9 711	▲ 0,19%	▲ 17,6%
DAX	2 018	▲ 0,92%	▲ 18,3%
Азия			
Hang Seng	25 936	▲ 0,68%	▲ 32,2%
Nikkei 225	50 510	▲ 1,29%	▲ 26,6%
Shanghai SE	3 876	▼ -0,06%	▲ 18,8%
Қазақстан			
KASE	6 846	▲ 0,07%	▲ 20,6%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарығы әртүрлі бағытта аяқталды: S&P 500 0,11% өсіп \$6 857,12 болды; Nasdaq Composite 0,22% өсіп \$23 505,14 деңгейіне жетті; DJI 0,07% төмендеп \$47 850,94 құрады. Сауда барысында S&P 500 индекстері 11 сектордың 6-у өсім көрсеткен жоқ. Ең көп төмендеген секторлар Materials (-0,8%), Consumer Discretionary (-0,8%) және Real Estate (-0,6%) болды. Ал Information Technology (+0,7%), Communication Services (+0,7%) және Energy (+0,6%) секторларында өсім тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 827 964 924 756	▲ 0,7%	1,5%	▲ 14,4%
Consumer Discretionary	6 507 441 519 619	▼ -0,8%	4,3%	3,4%
Consumer Staples	3 252 935 659 776	▼ -0,5%	3,0%	-10,9%
Energy	1 729 153 284 259	▲ 0,6%	5,7%	2,4%
Financials	8 311 806 267 227	▲ 0,4%	3,4%	4,5%
Industrials	4 520 642 315 488	▲ 0,2%	2,5%	3,3%
Information Technology	20 743 918 299 205	▲ 0,7%	2,0%	▲ 19,7%
Materials	981 798 048 740	▼ -0,8%	4,6%	-5,6%
Real Estate	1 101 431 931 862	▼ -0,6%	-0,1%	-11,3%
Utilities	1 080 923 633 726	▼ -0,1%	-1,9%	8,7%
Health Care	5 770 636 930 233	▼ -0,2%	5,1%	-2,3%

Бейсенбі күні АҚШ-тың негізгі индекстері алдыңғы күнгі деңгейлерге жақын жабылды. Инвесторлар экономика мен еңбек нарығына қатысты түсіп жатқан мәліметтерді бағалай отырып, сақтық танытты. Акцияларға қолдау көрсеткен фактор – келесі аптада Федералдық резерв жүйесінің мөлшерлемесі төмендетуі мүмкін деген үміттің артуы.

Нарық қатысушылары үшін басты назарда – ФРЖ-ның ақша-кредит саясаты. Себебі реттеуші әлі де әркелкі экономикалық көрсеткіштерге сүйенуде. Еңбек нарығы бойынша жағдай да анық емес: соңғы айға қатысты еңбекақы деректері әлі жарияланған жоқ, бұл жұмыспен қамту динамикасын бағалауды қиындатады.

Дегенмен, талдау үшін маңызды кейбір мәліметтер жарияланып жатыр. Бейсенбі күні кеш жарияланған PCE индексі инфляцияның бағытын көрсетеді және ФРЖ үшін аса маңызды көрсеткіш болып табылады. Ол қыркүйек айының деректеріне негізделген және баға өсімін тежеу бағытындағы ілгерілеуді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш ФРЖ-ның жұмыспен қамтуды қолдау міндетімен қатар атқаратын мандатының екінші бөлігі саналады.

Еңбек нарығына қатысты статистика да назар аудартты: жұмыссыздық бойынша алғашқы өтінімдер саны 191 000-ға дейін азайды – бұл соңғы үш жылдан астам уақыт ішіндегі ең төменгі деңгей. Дегенмен экономистер бұл көрсеткіштерге Рақышшылық күні мерекесі әсер еткен болуы мүмкін екенін айтады. Сонымен қатар Чикаго Федералдық резерв банкі жүргізген зерттеу қараша айында жұмыссыздық деңгейі шамамен 4,4% деңгейінде сақталуы ықтимал екенін көрсетті. Бұл еңбек нарығының біртіндеп баяулағанын, бірақ күрт әлсіреп кетпегенін байқатады.

Экономиканың жалпы көрінісін толықтырған Сауда министрлігінің кешкітірілген есебі өндірістік тапсырыстар көлемі небәрі 0,2% өскенін көрсетті, ал болжам 0,5% болатын. Бұл тамыз айындағы қайта төмендетілген көрсеткіштен кейінгі баяулаудың жалғасқанын білдіреді, оған тарифтік шектеулердің өндірушілерге әсері себеп болған.


Корпоративтік секторда акциялардың қозғалысы әркелкі болды. Meta Platforms акциялары 3,4% өсіп, S&P индекстеріндегі ең жоғары өсім көрсеткен компаниялардың бірі атанды. Бұған Facebook-тің бас компаниясы Metaverse бағытының бюджетінің 30%-ға дейін қысқартылуын қоспарлап жатқаны туралы Bloomberg хабарламасы себеп болды. Ал Amazon акциялары керісінше төмендеп, S&P 500 индексіне қысым жасады. Компания АҚШ-тың Пошта қызметімен болашақ серіктестігіне қатысты келіссөздер жүргізіп жатыр, себебі қазіргі келісімшарт келесі жылы аяқталады. Осы белгісіздік нарық қатысушыларына теріс әсер етті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	321	0%	17,0%
Банк ЦентрКредит	4 546	-1%	98,3%
Kcell	3 402	0%	0,7%
Казатомпром	29 500	3%	44,2%
КазТрансОйл	860	1%	4,5%
KEGOK	1 405	0%	-7,6%
Kaspi.kz	39 793	-1%	-27,4%
КазМунайГаз	21 880	0%	49,6%
Эйр Астана	868	0%	-24,0%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	505,50	0,55%	-3,6%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,56	-0,87%	-24,5%
EUR/USD	1,1643	-0,23%	13,4%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.